

ТҮРКІСТАН

Халықаралық саяси ақпараттық газеті

БӘЛДІК МЕШІТІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ ЕДІ

Рухани дүниеге жол ашатын Алла үйі әрдайым жасағатты өзіне тартып тұрады. Сан ғасырлардан бері солай болып келеді және осылай қала бермек. Сондай Алла үйінің бірі – Сырдария өзенінің солжақ бетінде 1906 жылы салынған Бәлдік мешіті.

Бұрындары және кейінгі жылдардағы газет-журналдар мен жекелеген жинақтарда Бәлдік мешітінің құрылысы, құрылымы жайлы жазылғанмен, оны салдыртқан мешіт иесі Бәлдік Жаңабергенов хақында толық айтылмай жүр.

Сәулетші, ғалым Байтенов Ескендірдің "Білім және еңбек" журналының 1985 жылдың №8 санындағы "Ескерткіштер естен шықпаса" деген мақала жариялаған болатын. Маманның зерттеуінде: "...Бәлдік мешіті төрт бұрышты етіп салынып, төбесі итарқалып етіп жабылған. Ішкі намаз оқитын бөлмесі кең, оның төріндегі құбыла ғибадатханасы айрықша көз тартады. Үй төбесін тіреп тұрған ұстын әшекей оюлармен безендірілген. Қабырғадан шығарылған құбыла ғибадатхана жарты шеңбер жасап, көркімен көз тартады. Оның төбесі ұшқыр күмбезді болып кірпішпен өріліп жабылған. Ал карниз үстіндегі биік маңдайша құрылысты асқақтата көрсетеді" деп сипатталған.

Көне-көз қариялардың, мамандардың айтуынша, мешіт құрылысы күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Кірпіш пішіні 1906 жылы салына бастаған Қалжан ахун мешітінің кірпіштерінен аумайды. Бәлдік мешітіне кірпіш 6-7 шақырымдағы Алақашардан алынып, күйдірілген. Мешітке пайдаланған кірпіш пішімі 6x14x28 см, мешіт көлемі 11,45x13,9 м, биіктігі 7 метр.

Жай жұртшылықты тамсандырған Бәлдік мешітінің құрылысы Е.Байтенов сияқты кәнгі маманды да таңқалдырыпты. "...Бірақ құрылыстың архитектуралық құндылығына қарамастан күні бүгінге дейін ешкімнің назарына ілінбеуі қынжыларлық жәйт. Өйткені құрылыстың қорғауға алынбауы былай тұрсын, есепке де алынбауына қалай қарауға болады?" – деп 1985 жылы ашына жазған-ды. Сол мақала қозғау салды ма, 1986 жылы мемлекеттік есепке еніп, қорғауға алынады. Сонда 1972 жылғы Қазақ ССР Министрлер Советінің "Мәдени, тарихи ескерткіштерді қорғауға алу" туралы қаулы не себепті 1986 жылға дейін назарда ұсталмаған. Есепке алып, қорғалғаны жайлы тақта қойғаннан басқа, оны сақтап қалу сияқты тиянақты шаралар жасалмады десе болғандай. Кейбір кісілердің айтуынша 1980-81 жылдары ірге тасын жөндеген сияқты. Бұл күнде оның анық-қанығын білетіндер де жоқтың қасы. Сонымен қатар Қызылорда облыстық ескерткіштерді қорғау мекемесі тарапынан 1990 жылы күрделі жөндеу жүрген деген сөздер бар бірақ, оны нақтылайтын құжаттар да жоқ.

1920-21, 1952-53, 1960-1961 жылдардағы, одан кейінгі уақыттарда мешіттің айналасын су алуынан, мешітке үлкен зиян келтірілгенін, мешіттің суретінен анық байқауға болады.

Бір сөзбен айтсақ талай жылдан бері Бәлдік мешітін қайта жөндеу сияқты маңызды мәселе аяқсыз қалып, ақыр соңында 2008 жылдың наурыз айында мешіттің құлауына әкеліп соқтырды.

Бәлдік Тыныштықбайұлын бізден бұрынғылар көп білген секілді. "Туркестанская ведомость" (1870-1917 ж.ж.) газетінде Перовскідегі училищеге (1905 ж.) ақшалай көмек бергендерін арасында Б.Жаңабергеновтың есімі кездессе, "Тургайская газета" (1896-1917 ж.ж.) бір санында Қостанайдағы орыс-қазақ әйелдер гимназиясына қамқорлық жасағандардың бірі Б.Тыныштықбайұлы делінеді. Демек, Бәлдік Қоғалыкөлдегі осы мешіттен бұрында оқу-ағарту саласына көмектесушілердің бірі болған.

Сонымен Бәлдік кім, мешітті қалай салған. Бәлдік Тыныштықбайұлы Жаңабергенов Перовскі уезіндегі "Кеңтүп" болысының тұрғыны. Әкесі Тыныштықбай кедей болса да, өзіндік ойы, ел алдында айтары бар, еті тірі азаматтардың бірі болғанға ұқсайды.

Жаппастардың көбі қыста Сырда қыстап, жазда Арқа өңірін жайлап, Тобыл, Троицк, Қостанайға дейін жайлауға көшетін болған. Осынау жағдаяттарды көріп өскен Б.Тыныштықбайұлы бірде "Жиекте" мал төлдейтін, көшуге даярланып отырған Қараша жаппас Қалыбай байдың ауылына келеді. Қарбалас шақ – мал төлдету кезінде келген жас жігіт, бірден саулықтарға қозыларын апарып емізеді. Оның мұндай зеректігін танып білген бай, оның бір аптадай көмектесуін сұрапты. Ауылына қайтайын деп тұрған Бәлдікке Қалыбай бай "...Сенің еңбегіңе риза болдым, қандай өтінішің бар" дегенде балаң жігіт сәл ойланып: "Ата, мен ұсақ саудамен айналысып жүр едім, соны ұлғайтқым келеді. Қарызға пұл берсеңіз", – деп өтінішін айтыпты. Мол қаржыны ұсынып тұрып Қалыбай бай: "Балам, қарызыңды жағдайың келгенде қайтарарсың", – деп батасын беріпті деген ел аузында әңгіме бар.

...Күзембай Қожақов қария: "...Менің әкем Қожақ 14-15 жасында-ақ Бәлдіктің арқасында екі-үш жылдай Ресейдің Троицк, Миасс қалаларындағы ет комбинаттарына қой апарып өткізіп жүрген. Ол дегенің қып-қызыл ақша", – деп отыратын.

Бұрынғы Теренөзек ауданы, №7 ауылының тұрғыны 1928 жылдың 28-қарашада тәркіленген Жүргенбаев Нұрманның комиссияға жазғанындай "...Астық, балық аулаумен айналыстым. Өзім балық аулап, өз еңбегіммен байыдым" дегендей, Бәлдік Жаңабергенов те адал еңбегімен байып, дәулетті болғанын жоққа шығаруға болмайды.

Патшалық кезеңде Алматы Сардар – 100 жігіт, Қара (Темірбек Жүргеновтың әкесі) Жүргенов 30 жігіт, кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарында Зарқұм Қуанышұлы 60-70 адам ұстап, жұмсады деген деректер де кездесті. Байдың қорасында мал, сандығында қымбат тауарлар мен ақша болуы заңды да. Өз меншігін қорғап, сақтау мақсатында өз ағайындарынан қарауыл ұстаған да болар.

Белгілі Ораз жырау:

«... Мүкең мыңжарым үй қарамағы,

Ер Бәкең арыстандай аралады,» – деген өлеңіндегі Мүкеңі Мұңайтпас, Бәкеңі-Бәлдіктің жай ғана бай емес, елдің ісіне белсене араласқан кісі болғанын аңғара түсеміз. Бәлдіктің Царскі, Кеңтүп, Көткеншек, Шаған болыстығының болыстары А.Мешітбаев, М.Мырқайдаров, М.Лапин, Ү.Пірәлиев, А.Басанов, әсіресе Кеңтүп болысының басқарушысы Мұңайтпас Лапинмен қоян-қолтық араласқан. Мұңайтпас ақсақал өз ауылында (өз үйін мектепке берген) мектеп ашып, Б.Тыныштықбайұлына мешіт салуға ықпал етіпті. Інілі-ағалы азаматтар ақылдаса келіп, жоғарыдағыдай сәулетті де сәнді мешіт салынған.

Жүз жылдан астам Бәлдік мешіті елге қызмет етті. 1929-30 жылдары онда Қожабай, Нұртаза, Мұқан, Омар, Әбдібек сияқты діни білімі бар ұстаздар ауыл балаларын оқытқан. Осы мешіттен алғаш білім алғандар қатарында КСРО-ның Сыртқы сауда министрінің орынбасары, Қазақстанда бірнеше министрліктерді басқарған Арбап Нұрымұлы Сарынов, алғашқы комсомол, партия қызметкері (1924 ж.) болған Баймағамбет Асатов пен КСРО Халық артисі Сабира Майқанова осы мешіттегі мектептен дәріс алған, талант иесі.

Сыр өңіріндегі бірегей сәулет өнерінің жәдігері Бәлдік мешіті 2008 жылы наурыз айында құлап қалды. Қызылорда облысының, бір топ тұрғындары Бәлдік мешітінің құлау алдында және құлағаннан кейінде оны қалпына келтіру мақсатын алға мемлекеттік ұйымдарға бірнеше ұсыныс хаттарын жазған. Алайда, сол ұсыныс хаттарға келген жауаптар көгенделіп тұрған қозыдай бір-біріне ұқсас, тіпті бірінен-бірі айнымайтын жауаптар: "...Осы орайда, комитет аталған ғимаратты қалпына келтіруге қажетті қаржыны жергілікті бюджеттің есебінен қарастыру туралы Қызылорда облыстық мәдениет басқармасына ұсыныс жолданды" – деп жазады ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің мамандары. Ал, Қызылорда облыстық мәдениет басқармасының бастығы Б.Жүсіпов "Қызылорда облысының мәдениет басқармасы 2008-2010 жылдарға арналған "Мәдени мұра" бағдарламасына Бәлдік мешітін қосымша енгізуге мүмкіндік болмайтынын хабарлай отырып, аталған нысанды қайта қалпына келтіру үшін жобалық-сметалық дайындау туралы 2011-2012 жылдарға арналған

бюджеттік жобасына ұсыныс жасалатындығын назарыңызға саламын" деп бір қайырса, тікелей осы мәселелермен айналысатын облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесінің директоры Е.Алданазаровтың жауабы жоғарыдағы тәріздес. Аудан жеріндегі осынау ескерткішке Сырдария ауданының әкімі С.Тәуіпбаев "...Қазіргі уақытта "Бәлдік мешіті" жергілікті маңызы бар тарихи, мәдени ескерткіштердің қатарында. Мешітті қайта қалпына келтіру үшін ескерткіштерді қайта қалпына келтіретін арнайы лицензиясы бар мекеме жоба-сметалық құжаттарын дайындау қажет. Смета бойынша мешітті қалпына келтіруге жұмсалатын қаржының көлемі есептелгеннен кейін "Мәдени мұра" бағдарламасына енгізуге ұсыныс беріледі".

1986 жылдан мемлекеттік есепте тұрған құнды ескерткіш қамқорлыққа алынбағандықтан, қар, жаңбыр суынан мүжіліп, сәнді де сәулетті ескерткіш көрер-көзге жойылды. Қызылорда облысында бұл таңқаларлық жайт емес. Көненің көзіндей болған қоғам және мемлекет қайраткерлері С.Сейфуллин, А.Оразбаева, Б.Майлин тұрған үйлер мен Үкімет үйі, "Алтын Мақан", Мырқы салдырған үйлердің орны да жоқ. Бәлдік мешіті де мемлекеттік қорғауға алына тұра құлап қалуы салғырттық пен самарқаулықтың нәтижесі деп топшылауға болар.

1985 жылы сәулетші, ғалым Е.Байтенов "...Соның салдарынан да күтімсіз көненің көзі қазір мүжіліп, қабырғасы жарылып құлаудың сәл-ақ алдында тұр. Егер жанашыр табылып, құрылысты толық жөндеуден өткізсе, архитектуралық құрылысты сақтап қалу өз алдына кітапхана, өлкетану музейі, тағы басқа қырынан халық қажетіне өтеуге пайдалануға әбден болар еді", – деп жазған-ды.

Бүгінде мешіт бір пайдаға жарар деген ғалымның үміті үзіліп, тіпті Бәлдік мешіті жер бетінен жойылды десек артық айтқандық болмас.

Жалпылама, жалтарма жауаптар рухани байлығымыз – Бәлдік мешітінің орнын баса алмайды ғой.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ, зерттеуші, этнограф